

2019 жылғы қарашаның 21-і күні сағат 09:15 шамасында Қызылорда қаласы Назарбаев данғылы бойында «Тойота Камри» маркалы автокөлігі «Мерседес Бенц» маркалы автокөлігін сол қапталынан ұрып, көлік құралын басқаруға ие бола алмай, автобус аялдамасында тұрған адамдарға соққан. Салдарынан үш адам оқиға орнында қайтыс болып, 2 адам медициналық мекемеге жеткізілді. Кінәлі автокөліктің жүргізушісі оқиға орнында анықталып, уақытша ұстау абактысына қамаққа алынды. Сараптамалар тағайындалды.

Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 345-бабының 4-болігімен *(Көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы)* сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде.

**Қызылорда облысы Полиция департаменті**